

A.Ә. ОРЫНБАЕВ

МӘТИН АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚША СӨЙЛЕУГЕ ҮЙРЕТУДІН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Жалпы қай салада болмасын, қай мамандыққа байланысты болмасын, оқыту мәселесі дидактика зандылықтарына негізделінетіндігі белгілі. Алайда, дидактика зандылықтарын колданудың да заманына қарай өзгерістері болатыны, жана талаптар туындалп отыратыны – занды құбылыс. Осы орайда, оқыту үдерісін уақыт талабына сай үйимдастыра білудін, ондағы туындалп жаткан мәселелерге орай педагог, психолог ғалымдар енбектеріндегі, зерттеулеріндегі жаңаша қаралып жүрген жаңа бағыттардан да хабардар болудың маңызы аса зор.

Тілші ғалым И.Я.Зимняя шетел тілі мамандарын дайындау мәселесін жақсартумен байланысты қойылып отырған талап, мақсат жөнінде орнықты пікір айтады: «Первая задача – формирование, развитие, воспитание социально-активной личности, характеризующейся идеальной убежденностью, активностью жизненной позиции; формирование мировоззрения студента как системы подлинно научных взглядов на мир и на свое место в мире.

Вторая задача – систематическое повышение и углубление профессиональной компетентности студентов ...

Третья задача – повышение общей культуры, культуры речевого поведения, речевого общения» [1, 31].

Мұндай мақсаттар бұрын да айтылмай келді деуге болмайды, мәселе осы талап-мақсаттардың өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту мәселесінде де сөзсіз талап етілетіндігінде.

Ал осы талаптарды тілді оқытуда жүзеге асыру үшін, өмір тәжірибесінен өткен, үнемі дамып, жаңарып отыратын дидактика ұстанымдарын негізге ала отырып, казақ тілін оқытуды да үздіксіз жетілдіру кажет. Педагогика ғылымында дидактиканың оқыту ұстанымдары ұлы педагогтар Я.А.Коменский, К.Д.Ушинскийлерден басталып, Ю.К.Бабанский, В.М.Загвазинский, М.Н. Скаткин т.б. ғалымдар енбектерінде жалғасын тапқандығы белгілі. Бүгінгі таңда педагогика ғылымында дидактиканың танылып қалыптасқан ұстанымдары ретінде мыналарды атауға болады: **оқу материалын саналы менгерту; оқыту**

материалының ғылымилығы; жүйелілік және жағастық; теория мен тәжірибелің байланыстылығы; материалдардың оқушының қабылдауына сәйкестігі; көрнекілік; оқу мен тәрбие ісінің бірлігі; саналылық, шығармашылық, өзіндік белсенділік; көшшілікпен және жеке адамдармен жұмыс істеу ұстанымдары.

Ал тілді оқыту әдістемесі жалпы дидактиканың теориясына негізделетіндігі баршамызға белгілі.

Н.Оралбаева және К.Жақсылықова авторлығымен 1996 жылы шыққан «Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі» окулығында «Тіл оқыту әдістемесі дидактиканың принциптеріне сүйене отырып, тілді оқыту әдістері мен тәсілдерін, амалдарын белглейді, казақ тілі сабағының теориялық негізін салады» – деп көрсетілген [3; 24]. Яғни, дидактиканың зандылығына сүйенбейтін, негізделмейтін оқу, оқу әрекеті жоқ. Өйткені дидактика оқытылатын білім мазмұнының ғылыми негізін, оны беруді үйимдастырудың дұрыс жолын белглейді, оқыту әдістерін үйимдастырудың формаларын, яғни ұтымды жолдарын, нені қалай оқытудың зандылықтарын білдіреді. Сондықтан да аталмыш окулықта: «... дидактика білім мазмұнын анықтау, оқыту процесінің зандылықтарын ашу, оқытудың ең тиімді әдістері мен үйимдастыру формаларын табу проблемаларын шешіп отырады», – деп айқын көрсетілген [3, 24].

Сол себепті де орыс тілінде оқытын білім студенттерін қазақ тілінде мәтін арқылы байланысты сөйлету әдістемесі де дидактика принциптеріне сүйеніп, негізделіп үйимдастырылады. Бұл орайда, дидактиканың аталмыш принциптеріне қысқаша токтап болсақ, дидактиканың алғашкы ұстанымының бірі – **оқу материалын саналы менгерту ұстанымы**.

Қазақ тілін саналы түрде менгерген студент, қазақша дұрыс қарым-қатынас та жасай алады. Өйткені ондай студенттерде тілдік бірліктерді дұрыс қолдана білу дағдысы жақсы калыптасады және олар тілдік бірліктердің қолданылу зандылықтарын да саналы түрде менгереді. Егер студент тілден алған білімін қарым-қатынаста қол-

дана алмаса, ол қазақ тілін үстірт оқыған болып саналады және уақыт өте келе мұндай үстірт білімнің өзі де тез ұмытылады.

Дидактиканың келесі бір ұстанымы – ол оның **оқыту материалының ғылымилығын** талап ететіндігі. Бұл ұстаным бойынша қазақ тілін оқытуда тілдік материал қазақ тіл білімінің соңғы жетістіктеріне негізделуге тиісті. Сонымен бірге ол әбден тексерілген, толық анықталған тілдік деректер де болуы қажет. Эрине қазақша байланысты сөйлеуге үрету ереже жаттату емес, бірақ ол тіл білімінен хабарсыз болу да емес. Ол – байланысты сөйлеуде тілдік бірліктерді қолдана білу. Олай болса тілдік бірліктерді жақсы білген жөн. Сондықтан да қазақ тілін оқытуда тіл теориясынан да мәлімет беріледі.

Ал дидактиканың **жүйелілік және жалғастық** ұстанымы тілді оқытуда басынан аяғына дейін қолданылады, басшылыққа алынады. Ол әр жеке мәселелерге де қатысты. Мәселен, мәтінді алайық. Мәтінді менгерту әдемі оқытудан басталады. Оқи білмейінше тілді үйрену мүмкін емес. Окуға үретуде сөзді дұрыс айту, екпін, интонация, яғни орфоэпия жұмысы бірге жүргізіледі. Сондай-ақ, окушы тыңдай білуге де қатар үйретіледі.

Келесі сатыда мәтінді түсіну үшін мәтіндегі жана сөздермен жұмыс жүргізіледі. Мәтіннің мазмұны түсінілген соң, оның мазмұнын өнгімелуе үйретіледі. Сауаттылық қалыптастыру үшін, жазу жұмыстары жүргізіледі. Тілді оқытудағы әр жұмыс белгілі жүйеде жүргізіледі.

Жалғастық мәселесінің де өз орны бар. Жалғастық тақырып арасында болады. Бір тақырыптағы айтылғанды екінші, келесі тақырыпта жалғастыру мәселені ұмыттырмау, қайталау үшін қажет. Ол грамматика материалдарын өтуде де, мәтіндерде де қолданылады. Мәселен, хабарлы сөйлем лепті сөйлеммен жалғастырылып, онда хабарлы сөйлем қайталаңып, еске түсіріледі, қайталаңады. Дидактиканың бұл ұстанымы мәтінде де қолданылады, оның грамматикалық құрамын менгертуде де ерекше қызмет атқарады.

Студенттің біліміне сүйене, оны жалғастыру бағытында берілген білімді студент тез түсінеді, тез менгереді және бұрынғы білімін бекітеді, нығайтады. Яғни жалғастық, жаңаны менгеруге көмектеседі, ескіні бекітеді.

Жүйелілік пен жалғастық тілді оқытудың барлық материалына қатысты. Сондықтан тілді оқытуда студентке үйретілетін тілдік материалдар бір-бірімен байланысты, жүйелі түрде, бір-

бірімен жалғастырыла берілуі керек. Мәселен, мәтінді оқытуда мәтіндердің бір-бірімен байланыстылығының, жалғастырының маңызы өте зор. Ол мәтінді жақсы үретуде, оқу мәтіндерінің сөздік қорын менгертуде, жалпы тілді оқытуда дидактиканың **материалдардың оқушының қабылдаудына сәйкестігі** ұстанымы қатал сақталынуға тиіс. Сол себептен де студенттің тілден не білеттін анықтаудың, игеруге ауыр соғатын материалдардан аулак болудың пайдасы мол. Өйткені ондай материалдар студенттің тілді үйренуде өз күшіне сенімін жоғалтып, тілді үйрене алмаймын деген сенімсіздік сезімін тудырады, тілді үйренинде деген ынтысын жояды, ықыласын кемітеді.

Дидактиканың бұл ұстанымының ішкі екі занылығы бар, олар: 1) белгіліден белгісізге көшү; 2) женілден ауырға өту. Олар – зерттеулерде көп қолданылып жүрген маңызды дидактикалық занылықтар. Бұл ұстанымдар барлық оку үдерісінде қатал сақталады.

Айталық, мәтінді қолдануда бұл ұстанымның қалай қолданылатындығына назар аударалық. Қазақ тілін оқытуда мәтін тіл үретудің негізгі құралы ретінде қызмет етеді. Бұл орайда, тілді оқытуға байланысты сөйлеуде қолданылатын алғашкы мәтіндерге мынадай талаптар қойылғаны жөн:

1) Мәтіннің көлемі өте шағын болуы керек. Сондықтан 10-13 жолдан, екі шағын абзацтан тұратын мәтіндер қолданылып, олар бірте-бірте үлғайтылып, сонында бір бетке жеткізілуге тиіс.

Алғашкы шағын мәтін, Я.А. Коменский айтқандай, «көп тыңдау, оқу, қайта оқу, көшіріп жазу, соған жазбаша және ауызша еліктеу түрінде ғана үйреніп шығуға» жол ашады [4, 16].

2) Мәтін алғаш тілдік бірліктердің берілуі жағынан да женіл болуы керек. Ол мәтіннің сөздік құрамына да, грамматикалық құрылымына да қатысты. Алғашкы мәтіндерде көбіне дара сөздер, жай сөйлемдер, салалас құрмалас сөйлемдер басым болғаны дұрыс. Эрине, қазіргі жағдай біраз басқаша, қазір жоғары оқу орындарына аздық-көпті болса да қазақша мектептен сауаттанып шыққандар түседі. Сондықтан көбіне көп оқитын топтар, жалғастырушы топ студенттері.

Соның өзінде алғашкы мәтіннің лексика, грамматикалық құрамын женілден бастаған дұрыс. Студенттерде пайда болған сенім, оларды мәтінді қызыға оқып, тез менгерулеріне көмектесе алады деуге болады.

3) Сонымен бірге алғашкы шағын оқу мәтіндері студенттердің күнделік өміріне байланысты

мәселелерге қатысты, таныс мәселелерге арналғандығы жөн. Олар курсас студенттер, дәрісхана, жатакхана, кітапхана, достық, ата-ана, отбасы т.б. такырыптар. Бұл мәселелер студенттерге таныс, ондағы сөздер, сөйлемдерді олар күнделікті өмірде қолдана алады. Демек сабакта үйренген білімді өмірде қолдану мүмкіндігі, қайталау мүмкіндігі мол.

Дидактиканың келесі бір ұстанымы – теория мен тәжірибелің байланыстылығы ұстанымы.

Тілдің теориясын ғана білу, тіл білу болып саналмайтындығы белгілі. Теорияны жақсы біле тұра, дұрыс сөйлей білмеушілік те жи кездесетін құбылыс. Ол туралы жоғарыда аталған әдістеме оқулығында былай жазылған: «Бұдан 30-40 жыл бұрын шет тілді окуда да, орыс тілін окуда да, қазақ тілін окуда да негізінен ереже жаттаумен қанағаттанатын еді. Бірақ ол кезде окушылар ол тілдерде сөйлеуді менгермейтін еді. Осы кемшілік тілді оқытуда теорияны тәжірибемен байланыстырудың қажет екенін дәлелдеді» [3, 28]. Расында да дұрыс сөйлеп машиқтанбаған адам ойын да жеткізе алмай қиналады.

Қазір тілді оқыту әдістемесінде тіл теориясын тәжірибемен байланыстыруға көп көңіл болінуде. Сондыктан казіргі оқулықтарда тіл теориясымен бірге, оларды тәжірибеле қолдана білуге үйрету мәселесі де қарастырылып келеді. Тіл теориясын тәжірибеле қолдану, мәтінмен кешенді жұмыс әдістемесі бойынша жүзеге асырылады. Бұл студенттің тілден алған білімінің беріктігін қамтамасыз етеді.

Дидактиканың келесі ұстанымы – көрнекілік ұстанымы.

Көрнекі құралдар сөздің мағынасын тез түсіну, есте сактау қызметімен бірге қызықтыру, назарын аудару қызметін де атқарады. Көрнекілікте көзben көру, техникалық құралдарды пайдалану, көрген, естілген нәрсе туралы ойлау, зейін аудару, есте сактау сияқты талай сезім мүшелері қызмет атқарады.

Түрлі сурет-схемалар алғашқы «Тіл қуралдан» бастап, барлық қазақ тілі грамматикаларында қолданылып келеді. Сол дәстүр басқа тіл өкілдеріне арналған қазақ тілі оқулықтарында да жалғасын табуда.

Жетінші ұстаным – **оку мен тәрбие ісінің бірлігі ұстанымы**. Бұл ұстаным да оқыту ісінде қатал сакталатын занылдық. Қазақ тілін оқытуда да ол үнемі негізге алынып келеді. Ал тәрбие мәселесі мәтін арқылы іске асырылады. Тілді оқытуда қолданылатын мәтіндерді тандаудың

негізгі ұстанымдарының бірі – мәтіннің тәрбиелік мәні. Демек қазақ тілін оқыту мен тәрбие мәселесі бірлікте, дидактикалық ұстаным негізінде жүзеге асырылады деуге болады.

Сегізінші, **саналылық, шығармашылық, өзіндік белсенділік** ұстанымы арқылы тілді оқыту. Жалпы тілді окушы еркінен тыс күштеп оқытып, жақсы нәтижеге жету мүмкін емес. Сондыктан да студенттің өз тарарапынан тілді оқуға, үйренуге, қазақша сөйлеуге талпынысын туғызудың мәні зор. Ол үшін басты екі түрлі шарт міндетті: 1. Өз ісіне терең берілген тәжірибелі оқытушы-әдістемеші. 2. Әдістеме негізінде, жана талапқа сай таңдалынған, соған жауап бере алатын оку материалдары.

Оқытушы әдістеме занылдықтарын терең менгерген, тәжірибелі, өз ісіне шынайы берілген маман болса, ол студенттерді өз пәніне қызықтыра да, айтқанына сендерде де алады. Оқытушының беделі студенттер арасында өте жоғары болуы керек. Бұл – оқыту ісінің алғышарты.

Келесі мәселе, оку материалдарының әдістемелік түрғыдағы сапасына байланысты. Бұл өте күрделі мәселе, өйткені оның шешімі алуан түрлі болуы мүмкін. Бұл жөнінде бір тұракты «рецепт» беру мүмкін емес.

Студенттердің саналылығын қалыптастыруды олардың танымдық, мамандыққа сай кабілетін дамыту қажет екендігі белгілі. Студенттерді оқытудағы қыншылықтарды шешуге қатыстыру да белсенділік туғызады. Сондай-ақ ойбөліс, ойталқы, көсіби ойындар да студенттердің белсенділігін туғызып, саналы оқуға ынталандырады.

Дидактиканың тағы бір ұстанымының – **көпшілікпен және жеке адамдармен жұмыс істеудің** де тілді оқытуда атқаратын қызметі зор. Өйткені тіл үйретуде оқыту жұмысы жеке адаммен де, бір топ адаммен де жасалады. Ол жұмыстың түріне байланысты. Әрине, ол қазақ тілін оқытуға ғана қатысты емес. Оны «Педагогика» оқулығындағы мына үзіндіден-ақ байқауға болады: «Это означает, что учитель может и должен использовать самые разнообразные формы организации обучения: урок, экскурсии, практикумы, а также различные способы взаимодействия учащихся в учебном процессе: индивидуальную работу, работу в постоянных и сменных парах, в малых и больших группах. Кроме того, обучение можно осуществлять в разнообразных видах деятельности детей вне урока: в походах, поездках, кружках, клубах и различных объединениях по интересам и т.д. » [2, 206].

Ал қазақ тілін оқытуда мәтінді оку, аудару, өңгімелу, тындау, жазу, көрген кино, теледидарда өзіне ұнаған мәселелерді өңгімелу, саяхат туралы өңгімелу, мәтін тақырыбына шығарма жазу, суретті өңгімелу, макал-мәтелді сөйлеуде қолдану, өлеңді жатқа айту, дاناлық сөздерді жаттау, түсіну, өз сөзінде қолдану, өздік жұмысты, тапсырманы орындау сияқты т.б. жұмыстарды студенттер жеке орындаиды.

Ал пікірлесім екі адам немесе бірнеше адам арасында орындалады. Бұл өте жиі қолданылады. Жеке адам мен бірнеше адам аралас орындаитын жұмыс түрлері де өте көп. Олар: койылымдар, ойбөліс, ойталқы, кәсіби ойындар, макал-мәтедер айтысы, жұмбақтар шешу кеші т.б.

Қорыта айтқанда, қазақ тілін оқыту үдерісі де дидактиканың жоғарыда айтылған барлық ұстанымдарына сүйене отырып жүзеге асырылады. Тек тілді оқыту үдерісінде әр ұстаным жеке дара қолданылуы мүмкін емес, олар үйлесімді бірлікте қолданылады.

Дидактиканың ұстанымдары бірін-бірі то-лықтыратын, бірімен-бірі өте байланысты заңдылықтар. Ал қандай ұстанымдарды байланыста қолдануды оку материалы шешеді, оқытушының шеберлігі, оқулықта ойланып берілген, әдістемелік жағынан өбден ойластырылған сабак жүйесі шешеді.

Ғылымның дамуы дидактикаға да қатысты. Тарихи дамудың әр кезеңі дидактикаға өз үлесін қосып отырады, бірақ олар дидактиканың заңдылықтарын жокқа шығармай, оны толықтырып, жаңғыртып отырытындығы белгілі. Олар түрлі болса да, бір мақсатты қөздейді, ол – **оқыту әрекетінің тиімді жұмыс істеуі үшін жана үтимды жолдарды табу және жетілдіру**. Осы мақсатта көпшілік педагогтар, әдістемеші ғалымдар зерттеулер жүргізуде. Мысалы, Л.В.Занков дәстүрлі дидактикалық қағидалармен қатар өзінің зерттеу тәжірибесінде анықталған басқа да қағидаларды ұсынады, олар: **қындықтың жоғары сатысында оқыту қағидасы, теориялық білімнің жетекші рөлін бекітуші қағида, үйренудің тез қарқынды-**

лығы, оқушылардың білім әрекетін тану қағида-сы [5].

Ал ол студенттерде өртүрлі. Осы ерекшелікті тілді оқытуда ескеру өте қажет, оны анықтау қажет. Қындықтың жоғары сатысында оқи алатын студенттер жалғастыруши топта анықталған сон, оларға орта көлемді шығармалармен жұмыс істеуден бастап, өздік жұмыста көлемді шығармаларды оқуға беруге болады. Бұл арқылы жоғары қындықта оқытуда да жақсы нәтижеге жетуге болады. Тек оны талғап қолдану керек.

Теориялық білімде жетекші бекітуші қағидаларды мектеп грамматикасын оқытуда, теориялық курстарды оқытуда қолданған үтимды. Студенттер қазақ тілін оқығанда теорияға жете мән бермейді. Ал сөйлеудегі қателерінің көбі теорияға да байланысты. Мұнда студент қатесінің теорияға қатысты екендігі, оның кай теорияға қатысты екендігі түсіндірліп, студентке қателерін теорияға сүйеніп түзеттіре үтимды болмак.

Үйренудің тез қарқындылығы теориясын тілді үйретуде қолдану, әрине өте қын, бірақ тілді үйретуге қатысты жеке мәселелерді тез қарқынмен үйретуге болатыны тексерілді, нәтижелілігі байқалды. Мысалы, өлеңді жаттау, мақал-мәтеді, даналық сөздерді менгеру т.б.

Қалай болғанда да білім беру сапасын арттыруда және қазіргі заманғы жана технологияларды менгеру талаптарының үрдісінен шығуда оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру, білім саласы үшін бірінші кезекті міндет болып қала бермек.

ӘДЕБИЕТ

1. Зимняя И.Я. Психология обучения неродному языку. М., 1989. С. 219.
2. Педагогика. М., 1998.
3. Оралбаева Н., Жақсылықова К. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі (Жоғары оку орындары студенттеріне арналған оқулық). Алматы: Ана тілі, 1996. 208 б.
4. Коменский Я.А. Улы дидактика. Алматы, 1983.
5. Занков Л.В. Избранные педагогические труды. М., 1990. С. 424.